«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ЖЕТІСУ МЕДИА» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ЖЕТІСУ МЕДИА» ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 21 қыркүйек

Талдықорған қаласы

№ № 58-Н

город Талдыкорган

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ережені және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығын бекіту туралы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес келтіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тәуелсіздігін, тиімділігін, дәйектілігін және тұрақты жетілдірілуін қамтамасыз ету мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар бекітілсін:

1. осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ереже;

2. осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыратын Жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы.

2. ІШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыратын Жауапты тұлға (бұдан әрі - Комплаенс-офицер) жүзеге асыратыны белгіленсін.

3. Қызметкерлер жөніндегі менеджерге:

1. Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ережемен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет

000283

функцияларын жүзеге асыратын Жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығымен белгіленген тәртіппен кәсіпорын қызметкерлерін таныстыруды қамтамасыз ету;

2) қажет болған жағдайда Кәсіпорынның кадрлық құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз ету.

4. Комплаенс-офицерге:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ережені Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз ету.

5. Күші жойылды деп танылсын:

1) Кәсіпорын басшысы 2023 жылғы 17 ақпанда бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже;

2) осы бұйрық шығарылғанға дейін бекітілген Комплаенс-офицердің лауазымдық нұсқаулығы.

6. Осы бұйрықпен көрсетілген локальдық актілерді бекіту Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын жауапты тұлғаның (Комплаенс-офицердің) өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соқпайтыны және Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруды және тиісті локальдық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіруге бағытталғаны белгіленсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **Р. Турганбаев**

Орындаған: А. Султанбекулы
Бұйрықпен таныстым:
А. Бектимбекова _____
А. Султанбекулы _____
2026 жылдың 21 қыркүйек